

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес, білім алушылардың тиісті мамандықтар бойынша педагогикалық практика өтуіне жағдай жасауға;

5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушылардың педагогикалық практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;

8) білім алушылардың педагогикалық практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының педагогикалық практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

9) педагогикалық практика аяқталған соң білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

7. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес педагогикалық практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің күтуіне сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

11. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

12. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

13. Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылға дейін әрекет етеді.

14. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

15. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

16. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Білім беру ұйымы:

"Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
160014, Шымкент қ., Д. Қонаев көшесі, 21
e.mail: info@tashenov.edu.kz

Ректор:  К.С. Байболов
М.О.

Кәсіпорын:

Шымкент қаласының білім басқармасының «№13 Мукими атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Шымкент қ., Ал-Фараби ауд., Чайковский к., 90
+7 (7252)50-57-66

Директор:  Л.И. Сабирова
(қолы)
М.О.

КЕЛІСІМ ШАРТ № 22

Педагогикалық практиканы өткізуге

Шымкент қаласы

«___» _____ 2023 жыл

Жарғы негізінде әрекет етуші Байболов Канат Сейтжанұлы - ректор атынан, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын "Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бір жағынан, екінші жағынан бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын Шымкент қаласының Білім басқармасының «№13 Мукими атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ БИН 991240002347 негізінде әрекет ететін Сабирова Луиза Иляшевна екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Білім беру ұйымы 6B01704 – «Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырады.
2. Кәсіпорын күнтізбелік кестеге, педагогикалық практика бағдарламасына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес білім алушылардың педагогикалық практикадан өтуі үшін жағдай жасау бойынша қызметтер көрсетеді.
3. Білім алушылар өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:
 - 1) Күндізгі оқу нысаны бойынша 6B01704 – «Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылардың академиялық күнтізбеге сәйкес оқу, педагогикалық, педагогикалық-психологиялық, дипломалды практиканы өту мақсатында кәсіпорынға жіберу;
 - 2) педагогикалық практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;
 - 3) кәсіпорынға педагогикалық практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, педагогикалық практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;
 - 4) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекіту;
 - 5) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушылармен сақталуын қамтамасыз ету, пандемия кезінде санитарлық-эпидемиологиялық режимнің талаптарын сақтауын;
 - 6) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының педагогикалық практикасына мерзімді бақылау етіп, оның дәстүрлі және қашықтықтан өтуін ұйымдастыру;
 - 7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың педагогикалық практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
 - 8) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
 - 9) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тексеруге қатысу;
 - 10) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;
 - 11) тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға көлік қызметі мен қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.
5. Білім беру ұйымы:
 - 1) білім алушылардың өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен беліленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.
6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:
 - 1) білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушылардың еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
 - 2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
 - 3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың педагогикалық практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;